


Қажығали  
Мұханбетқалиев

ЖАҢҒЫРЫҚ



Ғажығали  
Мұханбетқалиев

# ЖАҢҒЫРЫҚ

әңгімелер мен повестер

«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ — 1978

ҚАЗ 2  
М86

**Мұханбетқалиев Қажығали.**  
М86 Жаңғырық. Әңгімелер мен повестер. Алматы,  
«Жалын», 1978.  
168 бет.

Қаз 2

Қажығали Мұханбетқалиев өзінің шағын әңгімелері мен повестері арқылы оқырман қауымға біраздан бері таныс. Жазушының «Жұлдызды түндер», «Тоғай сыбдыры» атты жинақтары кезінде оқырман қауымнан, әдебиет сыншыларынан тәуір бағасын алған еді. Бұл кітабына да шағын жанрдағы жаңа туындылары еніп отыр.


Азаматтық парыз, адал достық, жас адамның тіршілік тынысы жайлы жазушының ой түйіндеулері жұртшылық көңілінен шығады деп ойлаймыз.

М 70303 — 186  
408(307)78 — 166—78

ИБ № 556

© «Жалын» баспасы, Алматы — 1978

# ӘҢГІМЕЛЕР



## ҚАЙДАҒЫ-ЖАЙДАҒЫ...

Редакция атаулының қай-қайсысында да кейде жиі, кейде сирек болып тұратын командировкалардың бірі Қайырбайға да тиіп еді. Жол жүрудің қамымен анда-мұнда барып, жол қаражаты, билет алу секілді біраз шаруаларын тындырған соң, ол кештетіп үйіне тартты.

Жұмысының жағдаяты осылай болғандықтан ба, қалыптасқан әдеті ме, жол жүретін көлігіне мініп кеткенше байыз таба аямаушы еді. Бұл жолы да солай болды. Астана уақытымен түнгі сағат бестен жиырма минут кеткенде ұшатын самолетке жеткенше асықты. «Такси шақыртып төртте кетсең де толық үлгіресің ғой, осы сен-ақ қапыласың да жүреді екенсің...» деген әйелінің ренішіне пәлендей құлақ қойған жоқ.

— Үлгірем бе, қалып қоймаймын ба... деп қыпылдағанша біржола барып алғаным мақұл. Таксиі түскір де жүйкеңе тиіп, кейде көп күттіретіні бар. Оның үстіне, түннің бір уағында сен шығарып сала алмайсың ғой бәрібір,— деді, бұртыңдаса да бұның киімдерін амалсыз реттестіре бастаған келіншегіне қарап.

Дәлелдерін барынша сенімді етіп айттым-ау дегенмен, зайыбы бұның сөзіне мән бермеген секілді:

— Қойшы... Білеміз ғой,— деді торсаңдап.— Еркек атаулының әдеті емес пе, қашанда үйден қашып шыққанша асығатын... Не жыны екен осылардың!?

«Не жыны екен осылардың!?» дегеннің енді өзіне ғана емес, бүкіл «қожайындар қауымына» арналғанын Қайырбай біле қойды. Бір еркектің ғана басына түссе, батпандай жүк боларлық пәле күллі қауымға бөлініп кеткен соң немене, тәйірі! Қалған әңгіменің бәрі енді тек әйелшілік... айтылған жерде ұмыт болатын от басының кірбіңі ғана тағы...

«Осыдан кейін кідірмей жүре беруіңе болар еді, бірақ... өзің шаршайсың ғой, Қайреке!— деді ол өз-өзінен

күлмсіреп.— Бүгіндікке ас іше алмадың. Тамақтанып кетпесең тағы болмас! Тым ерте барғанның қызығы жоқ...»

Басты кедергі — әйелінің қарсылығы басылғасын-ақ, ол қалған уақ-түйекті оп-оңай тындырып тастады. Киім-кешек, қағаз-қаламын, тіпті қырынатын станогі мен тіс щеткасына дейін мұқияттап, тап-тұйнақтай етіп қойды да:

— Құрсыншы, алдымен ас ішіп алмаса болмас...— деп, өп-өтірік қиналғансып, үстел басына келді.

— Бағанадан сөйтпеймісің...— Келіншегі дастархан жабдығын әкеле бастады.— Өзің жол жүргелі отырғанда...

Қайырбай қажыған кісінің түрімен қабағын түйіп төмен қарады. «Шынында, әйел қадірін білмейміз-ау. Қарашы...— деп ойлады ол жымыып.— Бұлар болса, біздің титтей кіржигенімізге де бәйек боп жаны қалмай жүргені. Әй, эгоистпіз-ау, эгоистпіз!»

Өзін-өзі іштей кінәлап отырса да, жымығанымды байқап қалар деп қауіптеніп басын көтермеді. Асты да сол селсоқ күйі самарқау ішіп отырған кейіп танытты.

\* \*

Қаншама қапылғанымен ол түнгі сағат екі шамасында үйінен әрең шықты... Шыға беріп жуан қара портфелін жерге қойды да, асықпай темекі тұтатып алды. Әрі мұздай, әрі таза ауа темекі түтінімен қосылып танауына лап берді. Бойы лезде сергіп кетті. Рахат екен. Ол сигаретті құшырлана сорып, портфелін бұлғаңдата, енді баяу басып, аялдамаға беттеді...

Қала тегіс ұйқыда.

Жарқыраған мың-сан терезе-көздерімен тесірейе қарасып тұратын көпқабатты үйлер жанарлары талғандай жасқана, жасаурай қарайды. Күнұзаққы мігірсіз тірліктен олар да қажып, қалжырап қалған тәрізді. Бірақ бәр көзін бірден жұмса қорқынышты құбыжыққа айналарын сезгендей, тұла бойы толған көз — терезенің кейбірін ашықжарық қалдырыпты.

Көшелер баяу тыныстап жатыр.

Түн тынысын, мынау марғау тыныштықты бір өзі ғана бұзып келе жатқанын байқады Қайырбай. Аяқ астында сартап боп қалған қатты қар аязды түнде сықыр-сықыр етеді. Құдды, су жаңа хром етік киіп келе жатқандайсың.



92-автобус-экспресс бұлардың үйінің жанынан аэропортқа түнімен қатынайтын. Қайырбай соның аялдамасына келіп, жуан қара портфельді ұзын орындықтың шетіне қоя салды да, автобус көрінбес пе екен деп көшенің ортасына шықты. Жым-жырт тыныштық... Күні бойы тыным таппайтын транспорт атаулының ешқайсысы көзіне түспеді. Үлкен көшелердің қиылысқан жерінен ғана қараң-құраң етіп әлдекімдер өтті. Мынау ертегідей құпия түнде тағдырлары ұштасқан ғашықтар ма, кім білсін! Солардан өзге осындай беймезгіл шақта кім жүруші еді... Әнеки, екеуі бір дене боп, құшақтасқан күйі қаракөлеңке бұрыштан айналып барады.

Қайырбай асыға қойған жоқ. «Әлі үш сағаттай уақыт бар ұшуға... Автобус, сірә, қатынайды,— деп жұбатты көңілін.— Қайда... неменеге қапыласың!? Одан да оңаша қалған осындай сәтте ертең барған соң кімдермен кездесетініңді, көптен көріспеген дос, жолдастарыңды есіңе түсір... Ел жаққа бара жатырсың ғой!»

Ол өзі бара жатқан облыс орталығында бұрын қызметтес болған жігіттерден қазір кімдер барын ойлай бастады... «Марат оқуда... жоғары партия мектебіне кетті,— деді ойша саралап.— Әрине, ол әлі бітірген жоқ. Төлебек бар екен ғой... Е, ол әлі бойдақ жүрген шығар. Сосын кім бар еді... Сәндібек қайда екен? Айтпақшы, Арқалыққа кетті деп естіген. Аралас-құралас жігіттердің өзі азайып қалыпты-ау! Бірі анда, бірі мында дегендей. Иә... қызметтесің түгілі, бірге туған бауырыңмен де бірге жүрмек жоқ зыр қаққан өмір ғой...»

Ол қалтасынан сигаретін алып, енді тұтата бергенінде, автобус жетіп келді.

— Тез, тез!— деп айқайлады шофер.— Ақырғы аялдамада кідіріңкіреп қалдық. Графиктен кешігіп келе жатырмыз.

Қайырбай лып етіп қарғып мінді. Ақырғы рет құшырлана сорған сигаретін автобустың есігі жабылғанша қар үстіне лақтырып үлгерді, әйтеуір. Сонсоң ауыз-мұрнынан бірдей бу аралас түтінді бұрқыратып кеп арт жақтағы бос орындардың біріне отыра кетті.

Автобуста адам көп емес екен. Алдыңғы қатарда отырған қартаң кісі болмаса, қалғанының қол жүгі, олпұлы да көрінбейді. Шамасы қонақта болып кештеу қайтқандар секілді; ал анау бір екі жұп... көше қыдырыстаумен жай қалған қыз-жігіттер болса керек.

Қайырбай портфелін орындық үстіне қалдырып, билет алу үшін шоферге барды да, орнына тез қайтып келді. Терезеге таман ығысып, нығыздалыңқырап, жайғасып отырған соң ғана өзінің неге таксиге мінбей, автобусты қалағанын ойына алды.

Әрине, ол ақшасын аяған жоқ-ты. Мықтаса, аэропортқа дейін үш-ақ теңге алар... Одан ештеңесі кетпейді ғой. Бірақ жұрттың бәрі тып-тыныш ұйқыға кеткен жым-жырт түнде таксиге мінсе, ылғи да көңілі әлденеге жабырқап, жалғызсырайтын да отыратын. Сондықтан ең болмаса осындай бір кездерде, өзін күн сайын әбден мезі еткен күйбең шаруалардан мойыны босағанда, айналасындағы адамдардың әңгімесін тыңдай (реті келсе өзі де әңгімелесіп, әзіл-қалжың айтысып), асығып-аптықпай жетпекші еді.

Экспресс-автобус та таксиіңнен жәй жүрмей ме деп қалды... Әні-міні дегенше шамдары самаладай жарқыраған орталықтың көшелерімен зулап келе жатты. Қайырбай енді әлгіндегідей терезеге бетін тақамай-ақ, көшенің екі бетіндегі зәулім де сәнді үйлерді, төменгі қабатқа орналасқан магазиндер мен кафелердің маңдайшасындағы қызылды-жасылды жазуларды, сол жазулардың бойымен сынаптай сырғыған түрлі-түсті жарықты ап-анық көріп келеді.

«Қазақстан» қонақ үйіне жақындағанда, алдында отырған екі жұп орындарынан бір мезгілде көтеріліп, шығар есіктің аузына барып тұрды. «Бәсе, жол жүріп бара жатқандарға ұқсамайтын еді-ау,— деп ойлады Қайырбай.— Қыдырыстап жүргендер екен ғой!»

Көздерінде бақыт нұры ойнап, жымыңдай күлісіп автобустан түсіп бара жатқандарға қарап отырып, кенет... талай-талай өзінің де Көркемханыммен түн жарымына дейін көше кезіп, осылар құсап серуен құрған шағы есіне түсе кетті. Күні кеше секілді бәрі... Бірақ кешегісі бүгін жоқ. Қазір бұл екі баланың әкесі болса, Көркемханым солардың шешесі... Екеуі де түн ортасына дейін бүйтіп жүрмейді. Жүре алмайды! Түн ортасы түгілі, кешкі сағат жетіден кешікпейді. Қызық... Талай-талай таң атқанша қыдырғандарында бір-біріне «қайтайық» демеуші еді. Осы күні жап-жас бастарымен үйден шыққылары келмейтін секілді. Бәлкім, шыққылары келетін де шығар-ау, бірақ бірінің баладан, үй шаруасынан, бірінің жазу-сызудан, кітап оқудан қолы босай ма!? Онсыз да уақыт

жетпейді. Өмір дегенің осы... Ұя салып, ұрпақ өсіре бастадым дегеніңше-ақ кешегі «көгалды қуып көлайттап» жүрген көп-көп күндеріңді қайрылмастай ұмыттым де. Иә... иә! Таңданатын түгі жоқ. Ұмыту керек! Ұмытасың... Бабаңның әкеңнің алдындағы, әкеңнің сенің алдыңдағы, ал сенің балаң алдындағы — бәр-бәріңнің тізбек-тізбек кетіп жатқан өмір көші алдындағы парызың үшін осылай етуің керек. Ал, сендердің орындарыңды мыналар басыпты, бұлардың орнын тағы біреулер басады, олардың орнын тағы біреулер, тағы біреулер... Мәңгілік осылай болған, осылай бола беретін де шығар... Сондықтан қазір қыдырыстамағанда қашан шалқиды?! Бұлардың да түн жарымына дейін тыным таппай жүргендері — бәлкім, сол... бас бостандығын болашақ ұялары үшін біржола құрбан қылар алдындағы асығудан, тіпті қорқудан туған шығар. Адам жанының терең түкпірінде тығылып жатқан, бірақ өзіне де, өзгеге де мүлде беймағлұм, құпия сигналдар көп-ақ қой. Мысалы, әлдеқандай бір жаманшылықтың алдында санаң қобалжып, жақсылық боларда жүрегің жарыла жаздап жүрмейсің бе! Соны қалайша сезе қоясың... Әні,.. сол секілді.

...Әлгі қыз-жігіттер құсап Көркемханым екеуі талай-талай түнұзын қыдырып жүргендерінде Қайырбайдың басына мұндай ой ешқашан келмеп еді. Ой жетегіне еріп оңаша отырған осынау сәтте, шынында да, сол бір тұста өзінің бойында әлденеге асығу ма, әлденеден шошу ма — өйтеуір сондай бір сезімнің болғаны рас секілді көрініп кетті. Сөйтсе, оның бәрі алдынан андыздап тұрған белгісіздіктің көп сауалынан, құстай азат, еркін өмірдің — бойдақтықтың — желігі мен бозбастығын бейнетті семья тірлігіне айырбастаудан (айырбастамау және мүмкін еместігінен) қорыққандық екен ғой. Өмір — ең пысық, ең епті, ең алаяқ саудагер болды-ау... Бірақ ол кезде Қайырбай мұны біліп пе?! Әйелі айтқандай, үйлі-баранды болған соң, командировкаға шығарда «үйден қашып құтылғанша асығатыны» (әрине, өзі сөйтем екен-ау деп ешқашан әлі мойындап көрген емес), сонсоң кейде бір оңаша отырғанда енді қайтып оралмас, сонау бір артта қалған қызықты күндерді діңкесі құрығанша аңсайтыны, бірақ оны қайтаруға енді қайтып ешқашан дәрмені болмайтыны есіне келді деймісің?! Бәрін қазір ойлап отыр ғой...

Бүгін де үйінен шыққанша асығып еді. Енді аңдаса,

(әйелінің сөзі, шынында, дұрыс екенін тұңғыш рет осы жолы мойындағандай болды), мазасыздығының төркіні тезірек бәр-бәрін: қызметті де, үй тірлігін де, күн сайын күйбеңдетіп қоятын күллі шаруаны да дереу ұмытып, «көгілдір сәуле, көк жазық» дүниеге бүкіл болмысымен (уақытша болса да) бір сүңгіп шығуды аңсағандықтан екен. Үйден шыға бере арқа-басы кеңіп сала беріп еді-ау. Сигаретін тұтатып, қомағайлана сорған сәтте-ақ әлдеқандай бір еркіндікті сезіп, алшаңдай басқан-ды. Көңіліне бір желік кіргендей де болып па еді, қалай?! Әлде жүрегі аңсарлы әлемінен бір жақсы сұхбат, жаңа да жарқын кездесулер тіледі ме екен... Кім білсін, кісі жол жүргенде ылғи да алакөңіл болады ғой. Әйтеуір ас иісін сезіп, жер түбінен жаюлы дастарханға ғана үймелейтін қара шыбындай әрі мазасыз, әрі сергек бір ойлар ұшып-қонып басына тұрақтамаса да, толассыз келе берді, келе берді...

\* \* \*

Сол алакөңілділік самолетке мінгенінше де Қайырбайды әлденеге елегізітіп, алаң етумен болып еді. Ол траппен көтеріліп келе жатып та, сол бір беймағлұм мазасыздықтың бойынан әлі арылмағанын сезді. Бірақ оның нақты не екенін, өз-өзінен мұншама неге желіккенін білген жоқ. Жан-жағына мағынасыз қарағыштай берді, әйтеуір. Самолеттің есігінен ене бергенінде ғана «уф, міндік пе, мінбедік пе? Алаңдатқан осы екен ғой» деген бір ой жылт етіп еді, лып өшіп қалды. Демек, көңілін бөлген ол емес. Қанағат тапқан жоқ. Жұбату болмады.

Ол үлкен салонды қақ жарып кетіп жатқан жолмен түптегі орындардың біріне отырмақ боп, ілгері тартты. Асылы, ту сыртыңда толып отырған адам барда өзіңді ыңғайсыз сезінесің ғой, одан да олардың артында өзің отырғаның жақсы... Оның үстіне әлгінде билет тексерушінің «бос орынға отыра беріңіздер» дегені мұндай оңды болар ма!?

Төртінші қатардан өтіп бара жатып, Қайырбай өзінің орны — 4 «В-нің» салондағы алдыңғы қатарлардың бірі екенін байқады. Бірақ кідірместен өтіп кетті. Бұрынырақ кіргендер — балалы әйелдер мен мосқал еркектер (шамасы, соңғылар науқасты кісілер болса керек, өңдері сұрғылт, жүдеу көрінді) ілгергі орындарға жайғасып-ақ алыпты. Жайбарақат. Енді үздіксіз кіріп жатқан өздеріндей

жолаушылардың салонға тезірек орналасуын ғана күтіп отырған сыңайлары байқалады.

Қайырбай арт жақтағы біраз қатардың әлі бос тұрғанына қарамастан, ең түптегі орынға кеп жайғасты. Жайлылығын байқау үшін алдымен креслоны біресе шалқайтып, біресе тікейтіп көрді. Оңды екен. Ыңғайлылығына көзі жеткен соң нығыздалыңқырап отырып, аяғын созып жіберді де, орындықтың жақтауына шынтағын тіреп, басын оң жағына сәл қисайтқан күйі, бұл да өзінен бұрын кіргендер секілді, енді өзгелерді бақылауға кірісті.

Жолаушылар бірінен соң бірі шұбап кіріп жатыр, кіріп жатыр...

«ИЛ-18-дің» үлкен салоны толуға айналса да, жолаушылардан көз алмай қарап отырған Қайырбай осынша адамның ішінен ең болмаса бір жүзтанысын ұшырата алмады. Әншейінде қысқа мерзімді курс деп, командировка деп тыным таппай ағылып жататын келім-кетімді жолдастарды былай қойғанда, көзтаныстың бірі болсашы...

Ешкім жоқ.

Бейтаныс жолаушылар әлі кіріп жатыр.

«Осы самолет облыстың орталығынан тікелей кері қайтпаушы ма еді...— деп ойлады ол.— Тек астанамен араға қатынаушы еді ғой. Олай болса неғып біреу-міреу кездеспес екен». Өзінің жанындағы бос тұрған орынға қарады. Иесіз кресло да мұның ойын құптап «қазір келуге тиіс...» дегендей болды. «Бәсе, келу керек. Бағана кассир әйел бұған бір билетті әрең тауып берді емес пе?! Мүмкін емес келмеуі».

— Қайырба-а-ай! Құдай-ау, мынау Қайырбай ғой?!— Оқыс шыққан әрі таныс, әрі бейтаныс үннен кенет ол елең етіп, дауыс шыққан жаққа қарады. «Бәсе, келмеуі мүмкін емес-ті»,— деген ой миында найзағайша жарқ етіп үлгермей жатып, қасына кеп қалған дауыс иесін де көрді сол сәтте.

— Раушан! Міне қызық... Кел, кел! Отыр мына жерге,— деді қасындағы бос орынды нұсқап. Осылай етпесе мынау жанына кеп тұрған қызыл пальтолы, көздері бада-надай жарқыраған, әппақ, сымбатты келіншек елес секілді үшті-күйлі жоғалып кететіндей көрінді ме, әлде басқа орынға отырып қалар деп қауіптенді ме екен, әйтеуір өзінен елпек қағып, сасқалақтап қалды. Дұрыстап аман-

даса алған да жоқ. Қолын ұстады ма, қолтығынан демеді ме,— ол арасы да есінде қалмапты,— өзінің қасында, иллюминатор жақта бос тұрған креслоға тезірек өткізіп жіберді.

— Түу, сені де көретін күн бар екен-ау?! Қайдан жүрсің...— деді жайласа берген келіншек жарқыраған көзін бұған тура қадап.— Өзің мүлде өзгеріп кеткенбісің қалай?

— Иә... біз осындамыз ғой, өзің қайдан жүрсің?— Қайырбай да осы жолы ғана тіктеп қарады.— Ал, сен түк өзгермегенсің!

— Жә деген... Сен де өтірікті соғады-ақ екенсің. Бала туып, байынан ажырасып кеткен әйел өзгермеді дегеніңе кім сенер?!— Келіншек сыңқылдай күлді.— Жырынды еркектердің қулығын қайдан үйреніп жүрсің? А?!

Қайырбай қарсы жауап қатпақ боп оқтала беріп еді, осы сәтте самолеттің маршруты мен ұшу мерзімін, жол үстінде көмек керек бола қалса, қандай тетіктерді басып, бортпроводницаны қалай шақыруға болатынын, ал қазір барлық жолаушылардың да тегіс өз орындарына отырып, арнайы жасалған белбеумен буынуы қажеттігін, самолет өзінің заңғар биіктігіне көтерілгенше темекі тартуға, ерсілі-қарсылы жүріп-тұруға тыйым салынатынын ескерткен хабарландыру айтыла бастады. Дыбыс күшейткіш тап бұлардың тұсында екен, құлақ қоюға еріксіз мәжбүр етті.

Әйтсе де, неге екені белгісіз, Қайырбай ойда жоқта, қасында отырған келіншектің уылжыған қыз кезін көз алдына елестетіп, кенет төмен қарап себепсізден-себепсіз жымыып қойды.

«Түк өзгермегенсің» дегенді әншейін, көңіл үшін айта салып еді. Әдемі әйелдердің мақтауды жек көрмейтінін жақсы білетін ол, қарсы жауап айтар деп ойламаған-ды. «Жырынды еркектердің қулығын қайдан үйреніп жүрсің?— дейді.— Іһмм... Өзі де біраз нәрсені білетін болды ғой, шамасы... Әй, еркектердің көз құрты да қойсын ба, үйреткен ғой... Мұндай-мұндай тұзы жеңіл мақтауды талай естіген шығар-ау! Бірінші рет айтып отырған мен дейсің бе?! Менікі тек сонау бір кездегі сыйлас көңілмен айтыла салған сөз ғой. Әйтсе де, әдемілігінде дау жоқ енді. Тіпті көз алдымда қалған балаң, ұялшақ, биязы сұлулығынан гөрі қазіргі күйі: батыл, еркін сөйлейтін мінезінің ашықтығы, қысылмай-қымтырылмай қарайтын ба-

данадай нұрлы көздегі жарқыл, от әлдеқайда әсерлі де қуатты».

Осыларды ойлап үлгергенінше, қалтырап-дірілдеп әрең тұрған самолет сәл лықсығандай болды да, кенет зырқырай жөнелді...

— Жоқ, шын айтам, өзгермегенсің!— деді Қайырбай самолет әуеге көтерілген соң әлгі ойын жалғап.— Қайта бұрынғыдан да сұлуланып кеткен секілдісің.

Ол езу тартқан күйі, өз сөзінің ақталу үшін айтылғандай болғанын түсінді. Бірақ соған келіншекті сендіре түскісі келді ме, әлде «шынында осылай» деп өз ойын бекітпек болды ма, әйтеуір әлгі пікірінен қайтқысы келген жоқ. «Күлме, күлме! Шын айтам»,— деп нықтап қойды тағы.

— Жарар! Ал, өзіңнің халің қалай?— деді келіншек әңгіме бетін басқа жаққа бұрып.— Не істеп, не қойып жүрсің? Семья, бала-шаға бар шығар...

— Әрине... бар ғой.— Қайырбай мынау әдемі сұхбаттың бала-шағаға қарай ойысуынан қашқақтағысы келді.— Қызмет те бұрынғы, өзің білетін журналдамын біраз жылдан бері.

— Иә-иә... жазғандарыңның бәрін іздеп жүріп оқи-мыз. Сен өзің әуелден де басқа балалардан гөрі өзгеше-леу болатынсың. Қиялилау ма, қалай едің!?— Келіншек тағы да сыңғыр-сыңғыр күлді.— Әлі есімде, тоғызыншыны бітіретін жылы саған ғашық болып, өле жаздағанымда көзің бір түспеді-ау. Соған ыза боп, не істемеді дейсің, мен... Ең ақыры, жұрттың бәрі келеке қылатын «мешкей» Балпанмен мұрныңның астынан талай өтіп едім.

— Түү, сен де қайдағы-жайдағыны айтады екенсің!— Қайырбай үш ұйықтаса түсіне кірмеген мынадай мойындаудан абдырап қалды. Күлген болды.— Қайдағы-жайдағыны қозғап...

— Жә-жә... қызарақтамай-ақ қой. Бәрі өткінші нәрсе дағы.— Келіншек те жымыды.— Қазір сен үйлі-баранды болсаң, мен де баяғы дым білмейтін Раушан емеспін ғой. Ашық айта беруімізге болатын шығар.— Көзі жарқ ете түсті келіншектің.

«Расында,..— деп ойлады Қайырбай,— расында, өтті-кетті нәрседен қысылатындай енді не бар. Мұныкі дұрыс екен-ау. Қайта беті ашылған әйел мен бала-шағалы еркек орағытып, тұспалдап, иіп сөйлеймін десе жалған, жасанды қылық болмай ма?! Дегенмен, өзі әуелден-ақ ақылды

қыз секілді еді. Көп жұрттың көз тігуінен, көріктіліктен тым ерте есейіп, тағдыры шөлкем-шалыстау боп кеткенмен, баяғы аңқылдаған ақ көңілділігінен жазбаған екен».

— Әрине, әрине... Оның бәрі өтті-кетті, айтпайтындай несі бар!?— деп қойды қоштап.

— Мен де соны айтып отырмын-ау! Көзіңше айтып отырғаным ғой. Ол кезде бірақ осылай айтам-ау деп ойлаппын ба?! Міне...— Келіншек сүйріктей саусақтарымен Қайырбайдың қолын сыртынан өзіміне ұстады.— Міне, енді самолетте ұшып келе жатқанда айтуға тура келіп қалды да... Бірақ мұны жазбай-ақ қоярсың, бәлкім, ә?!

— Жә, жазуды қоя тұршы, құрсын!— Қайырбай келіншектің жарқылдаған баданадай көзіне қарап отырып, ондағы ерке назды да, әзіл аралас ұшқынды да елемеген болды.— Одан да бірге оқыған жігіттер мен қыздардың қайсысы қайда екенінен хабарың бар ма, соны айтшы?— деді аппақ саусақтарды алақанына қыса ұстай отырып.— Кімдерді көріп тұрасың?

— Қай-қайсысы да облыс орталығына, қалаға келіп тұрады ғой. Біз сонда болған соң ба, жаңа үй болған кезімізде соқпай кетпейтін. Кейін сирексіді. Әсіресе әлгінің... (келіншек күйеуін не «күйеуім» деп, не атын атап айтпады) иә, әсіресе, әлгінің өз-өзінен бұлқан-талқан боп, қызғанғанын көріп...— Қолайсыз жағдай ойына оралғандықтан ба, келіншектің қабағына кірбің ұялап, кідіріп қалды.

Жып-жылы, жұп-жұмсақ, нәзік саусақтары ғана Қайырбайдың алақанында еркелеп жатыр. Еркелегенін ешбір қарсылық жасамағанынан сезді Қайырбай. Қайта көптен бері осындай бір мейірлі аялауды аңсаған сыңайы бар ма, немене... Ақырын ғана қысып, аялап қана сипаған сайын рахаттана түсетін секілді. Келіншектің жарқылдаған жанарының оты енді тереңге сүңгіп тұнжыр, түпсіз тұңғиыққа батып барады.

Екеуі де ұзақ үнсіз қалып еді, Қайырбай әлдебір қателіктің кеткенін осы сәтте түсінді.

Әлгінде Раушан: «семья, бала-шыға бар шығар?!» дегенде, өзінің «әрине,.. бар ғой» деп күмілжігені ойына орала кетті. Сонда ол мынау әдемі басталған оңаша сұхбаттың үй ішіне, бала-шағаға қарай ойысуынан өзі де қашқақтамап па еді. «Қайдағыны қайдан сұрай қойды?! Бәрін бүлдіргенін қарашы! Енді не істеу керек?!»

— Айтпақшы, мұнда неге келіп едің?— Қайырбай



алақанында жатқан сүйріктей саусақтарды ақырын ғана қысып, еркелете сипап отырған күйі келіншектің ойын басқа бірдеңеге бұрғысы келді. Даусы қоңыржай, сәл бұйығы естілгенмен, әңгіме тұйыққа тіреліп қалған соң, содан шығар жол іздеп, миы аласұруда еді.— Келіп тұрып, соқпай бара жатқаның қалай? Самолетте кездеспегенде, білмей де қаламыз екен ғой, өзі...— деді күлген болып.

Бір риза сезіммен келіншектің көзі тағы да жарқ ете түсті. Қайырбайдың бойы дір етті. Біресе бұлтқа сүңгіп, біресе жарқ етіп сәл сәтке қайта көрінетін күн көзінің құбылмалығындай әрі сүйкімді, әрі құпия нұр бар екен жанарында.

Сол нұр кенет жарқылдап:

— Бәлкім, білдірмей кеткім келген шығар,— деді келіншек,— қайдан білесің?

— Аа... солай ма?!— Қайырбай алақанындағы саусақтарды тағы да ақырын қысып қойды.— Ондай ойыңның барын қайдан білейін! Әйтсе де кейін естіген болсам, қатты өкінер едім.

— Шынымды айтсам, мен де сені көргім келіп еді. Осында екеніңді естідім ғой, тіпті адресің де барды. Бірақ...

— Не «бірақ»? Кездескеннің несі айып еді?!

— Ұялдым! Оның үстіне сенің не ойлайтыныңды қайдам!? Уақыт адамды өзгертіп жібереді ғой. Біреу-міреу естісе, не дейді тағы?!

— Туу, со да сөз болып па?! Жұрттың әңгімесінен қорқар болсаң, екі дүниеде де таусылмас.

— Әйтсе де әйелдің соңынан сөз ермегені абзал. Сендер, еркектер, оны түсінбейсіңдер ғой бірақ. Айтты не, айтпады не?!

— Жо-жоқ! Неге? Түсінбейтін несі бар? (Қайырбай «біз де бірдеңе білеміз ғой» дей жаздап, тілін тістей қойды). Біз екеуміз бірге оқыған, кішкентайдан бірге өскен дегендей... Соға кетсең де ештеңе етпес еді ғой.

— Дегенмен, осылай кездескеніміздің өзі жақсы болды. Уақытым да аз еді. Осында оқып жатқан інім үйленіп, төрт-бес күнге сұранып кетіп ем. Бүгін жұмысқа шығуым керек-ті.

— Ендеше үлгересің ғой. Бірер сағатта жетіп бармаймыз ба?!— Қайырбай қол сағатына қарап, ұшып шыққандарына ~~сағаттан~~ астам болғанын, енді бір қырық бес

минуттай уақытта жерге қонатындарын жобалады.— Мінеки, жылдамдық пен биіктікті азайтуға кететін он бесжиырма минутты шегеріп тастасаң, жарты сағатқа жетпейтін шамада ғана ұшамыз.

— Не дейді?! Келіп қалғанымыз ба? Қане, көрсетші,— деді келіншек сенбегендей.

Қайырбай сағаттың циферблатын оң қолының алақанымен баса қойды.

— Немене, нанбайсың ба? Нанбасаң, көрсетпеймін!— деді еркелей үн қатып. Іштей келіншектің наздана жұлмалағанын, қайтсе де көрмек боп қолынан қыса ұстағанын тілеп еді. Ойлағанындай болды да шықты.

— Өтірік болмаса, көрсетсейші! Қане, қане...— деп Раушан екінші қолымен Қайырбайдың саусақтарын бір-бірлеп қайырмаққа әрекеттенді, Қайырбайдың әдейі жасаған әлсіз қарсылығын қайтаруға осының өзі-ақ жетіп жатыр еді. Қолын тартып алды.

— Рас, ей!— Келіншек таңырқаған кейіп танытты. Жүзі бал-бұл жайнап, көзіндегі нұр қоңыр алмастай жарқылшашып қоя берді. Бірақ оның шынында таң қалғандықтан екені, әлде Қайырбайдың мейірлене, еркелей қарап отырып, қарсылықсыз көрсете салғанына ризалықтан туғаны белгісіз еді.

— Рас, ей! Келіп қалғанымыз ба?!— деді тағы да қайталап.— Сен... қалаға жеткен соң қайда түсесің? Қонақ үйге ме?

— Сонда шығар. Басқа қайда барам!— Қайырбай мұны әдеттегіше айта салып еді. Кенет «біздікіне жүр деп қалар ма екен осы» деген бір жымысқылау ой жылт етіп, әлгі сөзін енді шарасыздықтың амалындай мүләйім қайталады.— Жақын-жуықтан ешкім жоқ қой. Сонда түсем шығар. Қайда барайын!— деді қырын отырған Раушанның жүзіне барлай қарап.

Келіншек байқатпай қолын тартып алды. Сонсоң әдемі саусақтарын әдейі көрсеткісі келгендей, алақанымен бетін ақырын сипап, самай шашын жинастырған болды. Әлденеден қымсынғандай. Әлгі бір сөзден жігіттің әрідегі ойын түсініп қалып, айтпасын деді ме, әлде ананы-мынаны айтып отырып, өзінің де едәуір жерге барып қалғанын жаңа аңдады ма, сәл суық тартты. Бәлкім, бірер сағаттан соң байырғы өміріне, жарсыз жүрген жалғызбасты жас әйелдің күйігі де, күйбеңі де мол мігірсіз тір-

лігіне қайта оралатынын есіне алған шығар. Кім білсін, әйтеуір байқатпай күрсініп салды...

Сол сәттен бастап араларына әлдебір шіркеу түскенін Қайырбай біразда-а-н соң барып білді. Әуелі алақанында әлгі бір жып-жылы, сүп-сүйкімді саусақтардың жоғын сезді; сосын сол бір сүйкімді саусақтардан тараған қызудың табы өшіп, орны суып бара жатқанын аңдағанда, көңілі мүлде құлазып кетті.

«Қайдан айта қойып едім,— деді өз-өзінен қапаланып.— Қарап отырмай, қайталап айттым-ау тағы. Тұспалдағанды түсінбейтін бала дедім бе екен».

Келіншек бетін алақанымен тағы да ақырын сипап, қобыраған ештеңесі болмаса да самай шашын қайта жинастыра бастағанда, тұстарындағы дыбыс күшейткіш кенет сампылдап қоя берді.

— Жолаушы азаматтар! Біздің самолет Ш. қаласының аэропортына қонуға бет алды. Салонда әрлі-берлі жүруді тоқтатып, бәріңіздің де өз орындарыңызға отыруларыңыз сұралады. Белбеу буынуды ұмытпаңыздар!

Дыбыс күшейткіш қалай оқыс сампылдаса, солайша пышақ кескендей тыйылды. Оның есесіне көп адамның бірден қимылға кірісуінен орындықтар сықырлап, белбеу тоғаларының сылдыр-сылдыр беймаза дыбысы үдей түсті...

Қайырбай да буынбақ боп, белбеудің бір ұшын іздестіре бастап еді, кенет жан-жағын қарманып өз орындығының белдігін іздестіріп отырған Раушанға көзі түсіп кетті.

— Сенің белдігіңнің ұшы мінеки! Қане, байлап жіберейін,— деді икемделіп.

— Өзім де білем ғой, қайтесің.— Келіншек ұяң ғана үн қатты. Бірақ қарсылық білдірген жоқ.

Қайырбай осы сәтті пайдаланып үзілген әңгімені әлденемен жалғастырмақ боп еді, аузына сөз түспеді. Сонсоң өз белбеуінің ұшын тауып алып, босаңдау етіп айқастыра салды да, жайғаса беріп бейжай ғана үн қатты.

— Біреу-міреуге «күтіп ал!» деген жоқ па едің? Оны-мұны қол жүгің бар шығар!?

— Неғылар дейсің? Бәріне де үйреніп келе жатырмыз ғой. Қайбір қасынан тастамай жүрген адамымыз бар... Түу, құлағым тұнып бара жатқанын-ай!— Келіншек алақанымен екі құлағын бірдей басып, өзі соны қызықтағандай бұған қарап кенет күлімдеп қоя берді.

Осы күлкімен бірге әлгі әзірдегі жайдарылық, жақсы көңіл күй жігітке қайта оралғандай болды.

— Самолет төмендеп келе жатқандікі ғой. Қонған соң қайта ашылады,— деді, құлағының сыртынан қолымен басқан келіншектің әдемі саусақтарына ернін әдейі тақай дауыстап.

— Аһа!— Келіншек те күлімдеп, көз қиығымен Қайырбайға еркелей қарады.— Сенің құлағың тұнбай ма?!

— Жоқ!— Басын шайқап, «түк әсер етпейді!» дегенді білдіру үшін Қайырбай аяғын созып жіберді де, рахаттанна шалқайып отырды.

Самолет төмендеп келеді...

Салонда марғау тыныштық орнапты. Жұрттың бәрі орын-орнында сіресіп қалған.

Басқа уақытта, бәлкім, аңдамас па еді, Қайырбай кенет самолетке мінген адамның барар жеріне жақындағанда әсіресе, қонуға бет алғанда, әлдебір құпия күшке мінәжат еткендей қимылсыз қалатынын байқады... Өзі де соның арасынша бейжай күйге еніпті. «Жерге қонғанша мазасы кетер» деп, қасындағы Раушанды әңгімемен алаң еткісі келмеп еді; тым-тырыс отырғандықтан ба, бойы шымшым ұйып, әлдебір самарқау, салғырт күй меңдеп бара жатты.

\* \* \*

Самолет қонып, орындарынан дүрліге көтерілген жұртпен бірге бұлар да аэропортқа беттеген кезде Қайырбай дереу серпілді. Келіншектен: «Қолыңа ұстаған ол-пұлың ұмыт қалмады ма?» «Ал, такси ұстаймыз ба, қайтеміз...», «үйге немен барушы едің?» секілді ұсақ-түйекті бірінен соң бірін сұрап, қайткенде де оңаша сұхбаттың аяғын оңаша кездесуге ұластырудың ретін қарастыра бастады. Бір есептен: «тым болмаса сыпайылық үшін «ал, біздікіне жүр! Үйді көріп кетерсің» демес пе екен деген әлгі бір жымысқы ойы да (айрылысар сәт жақындаған сайын) ашық тілекке айналып, жанын тызықтырып жіберді.

Бірақ мұнысынан ештеңе өнбеді.

Ішінде бөгде жолаушылар бар бір таксиге қосамжарланып отырып алған келіншек:

— Осындағы жолдастарыңмен келіп, дәм татпай кет-

пессің дейім. Ал, әзірге... Жарай ма, Қайырбай,— деді де, адресін айтып жүріп кетті.

Ол мәңгіріп тұрып қалды.

- Жарты сағаттан соң қонақ үйден бір-ақ шыққан Қайырбай «мұнда маңызды шаруамен келгенін» айтып, тағы басқа себептерді тіркей, администраторға өтініш етіп, әрең дегенде бір орынды иеленіп алды. Бұл кезде әлгі бір сәттің ыстық-суығы әлсіреп те қалған-ды. Сондықтан ертеңгілік кеңсе ашылғанша мызғып алмақ болды..

«Иә-ә... Жол жүргенде кісіге не қилы, қайдағы-жайдағы жайлар тап бола береді екен-ау,— деп ойлады ол төсегіне жата беріп.— Апырай, әлгінде «жүр!» десе, не істер ем, ә?! Жүре берер ме едім... Ал, сонда не болар еді?! Иә, не болар еді? Бәлкім, ештеңе болмас та... гәп сонда ма екен. Неге мен оны «қайдағы-жайдағы» деп жатырмын! Неге қ а й д а ғ ы - ж а й д а ғ ы? Осының өзі оңашада болмаса, басқа уақытта өзге түгілі өзіңе-өзің мойындамайтын, әйтсе де пенде болған соң мынау ақиқат өміріңде кездеспей қоймайтын бір сәт болса ше?! Неге ол «қ а й д а ғ ы - ж а й д а ғ ы» болады! Бәрібір бұл сәтті ешкім де тіршілік тауратының бетінен сызып тастай алмайды ғой. Өйткені қайдағы-жайдағы ұсақ-түйек те адам өмірінің белгілі бір бөлшегін құрамай ма?! Тіпті тұтас өмір дегеніңнің өзі осындай ұсақ-түйектің жиынтығынан там-тұмдап құралады емес пе?»

— Солай, солай...— деді Қайырбай өзіне-өзі, аударыла беріп.



## МУРАТИК

Сіздер, әрине, Муратикті білмейсіздер ғой? Білмессіздер! Оқасы жоқ.

Бұл бір жұрт таңғаларлық бірдеңе жасап тастаған бала емес. Оны былай қойғанда, сіздер түгілі, көрші балалар да оны біле бермейді. Өйткені Муратик далаға көп шықпайды. Зәуде бір шыға қалса, көрші үйлердегі алдым-жұлдым боп жүретін қара сирақтар мен саржағалдар бұған «шешесіне еріп қыдырып келген» өлдекімше қарайтыны да сондықтан. Оған апшып жатқан Муратик жоқ, әрине. Жалпы, Муратик ешқашан, ешкімге ренжіп көрген емес. Қалай ғана «танымайсыңдар, білмейсіңдер» деп ренжісін-ау, оның өзі де бар болғаны — мамасын, сосын... «дяд» Сапарды ғана біледі ғой. Басқа ешкімді танымайды.

Жә, оны қайтеміз, бала түгілі, үлкен қалада кім-кімді танып жатыр.

Дегенмен, «ол өзі қай бала? Қандай бала еді?» десеңіз, мекен-тұрағын, түр-түсін ептеп қана айтып қояйын...

Бұл — қап-қара кекілі көзіне түсіп тұратын, екі беті бүйректей бұлтиған, алты-жетілер шамасындағы сүп-сүйкімді жуас бала. Ылғи өзімен-өзі болып, ешкімге қосылмай, жеке жүреді. Көп сөйлемейді де. Бірақ тілін таба алсаң, әңгімеге кенде де қылмайды.

Үстінде қысқа жеңді шотландка жейдесі, бұтында сол түстес шолақ шортигі болады. Бұларды мамасы «ойын киімдерің» дейді. Сондықтан анда-санда есік алдындағы аулаға шығарда Муратик осы киімдерін киеді де, есікті мұқият жауып, кілтті ұшы түйілген ұзын бауынан мойнына асып алады.

Үйлері қаланың қақ ортасында; үшінші қабаттағы шағын ғана екі бөлмелі пәтер. Онда мамасы екеуі тұрады. Папасы — капитан Қозбағаров Нұркен — бұдан екі-үш жыл бұрын, қарулы бандитпен шайқаста ерлікпен қаза тапқан. Ол туралы газеттер кезінде көп жазды. Муратик

оны мақтан тұтады. Бірақ ешкімге, тіпті мамасына да онысын білдірмейді. Өйткені, бірде папасының ерлігі жайлы сұраймын деп, еңкілдеп жылаған мамасын жұбата алмай қойғаны бар. Сонан бері тірі жанға тіс жарған емес.

Мамасы — дәрігер. Жұмысқа ерте кетіп, кеш келеді. Муратик күнұзақ үйде болады. Ондайда іші пысса телевизор көреді; «Конструктор» деп аталатын ойыншығынан әр түрлі модельдер жасайды; тіпті, болмаса суретті кітапшаларды ақтарады.

Ара-тұра мамасы әкеп жинап қойған «Модалар» дейтін журналды парақтайтыны бар. Онда кілең бір әдемі мамалар мен папалар, әйбат балалар мен қыздардың суреттері болады. Солардың ішіндегі біреуі — толқынды қара шашын қысқа етіп қырыққан, қаз мойынды, ақ құба мама — мұның мамасына қатты ұқсайды. Әсіресе, кісіге жәудірәй қарағаны, қабағындағы кірбің... аумайды-ау, аумайды! Жұмыстан жаңа ғана шаршап кеп тұр ма екен дерсің! Муратиктің бұл журналды жақсы көретіні сол.

Қарсы бетте (бұған енді арнайы тоқталу керек!) — қара туфлиі жалт-жұлт етіп, әдемі ақ сұр костюмінің қалтасына төрт саусағын сұға салған (басбармағы сыртында) бір папа сәл қырын тұрады. Муратик оны «дяд Сапар» дейді. Суреттегі кісінің кескіні толық көрінбесе де, неге екені белгісіз, мамасының қарсысындағы аға «дяд Сапар» болса екен деп тілейді іштей. Өйткені, (папасы сірә жоқ қой!) енді мамасының қасында, ең болмаса, дяд Сапар секілді жақсы адам суретке түссе екен дегені...

Шынын айтқан жөн, бұл ағамен — «дяд Сапармен» — Муратиктің «танысқанына» көп болған жоқ. Әйтсе де, оны өте жақсы көреді. Неге десеңіз, өзін былай қойғанда, ылғи жабыңқы жүретін мамасы да ол келгенде көңілденіп сала береді; сол-ақ екен, күңгірт тартып тұрған бөлмелерге күн сәулесі түскендей, үй ішіне жетпей тұрған бір нәрсенің орны толады да қалады. Лезде бәрінің де жүзі жадырап, жайраң қағып кетеді. Сондай сиқыры бар ағаны Муратик қалай жақсы көрмесін! Оның үстіне, дяд Сапар — бұл көрген адамдардың «еш-еш-ешқайсысына» (өзінің сөзі!) ұқсамайтын ерекше адам. Ондай аға тек киноларда ғана болады. Оның өзінде де сирек... Сонсоң, ол «еш-еш-ешкімнің» де үйінде емес, тек Муратиктердің ғана үйіне келеді; өйткені, ол Муратикті ғана жақсы көреді ғой.

Басқасын былай қойғанда, егер ол жаман адам болса,

(мұны айтқанда Муратик аузын бұртитып тұрады) ...иә, жаман адам болса, мамасы білмес пе еді?! Білер еді! Онымен сөйлеспес еді ғой. Тіпті есікті ашпай қояр еді. Бірақ ешқашан өйтпейді! Өйткені дяд Сапар — жақсы адам. Жақ-сы а-дам! Вот!

Сапар ағасының жақсылығына Муратиктің өз көзімен көрген бір жай да куә екен... Бірақ миға шұқып отырып дәлелдеп бермесе, ештеңеге сенбейтін — ересектер деген де баладан бетер ғой. Оңаша сөйлескен кезде күмәндана берсеңіз, Муратик онысын да амалсыз айтып береді.

— Мен айттым ғой, сізге... дяд Сапар «еш-еш-ешкімнің» де үйіне емес, тек біздікіне келеді деп. Өйткені, ол барлық баладан мені жақсы көреді ғой! Жұмысынан жай шықса да, біздікіне келетіні сондықтан,— деп бастайды Муратик, бұл жайында әңгімелегенінде әуелі мақтаныңқырап алып. Бірақ онысын білдірмеу үшін, мойнындағы ұзын баулы кілтпен ойнаған боп тұрып, сөзін кідіріссіз жалғай береді.

...Сол күні де жұмыстан кеш шығып, қараңғы түсе келген. Бәріміз шай ішіп, онан кейін телевизор көріп, не керек, түннің бір уағына дейін отырып қалыппыз.

Бір кезде:

— Қой, мен қайтайын!— дейді дядя сағатына қарап.

...Айтыңызшы, тас қараңғыда кісіні үйіне жалғыз жіберуге бола ма?!

— Әрине, болмайды!— Өз ойы да осы екенін біліп отырсың; қоштамай қайтесің баланы... Қоштап қоясың.

— Вот!— дейді Муратик бұған желпіне түсіп.— Біз де жібермедік! Бұрын да сөйтетінбіз. Дяд Сапар сосын амалсыз қонып қалды.

— Айта бер...

— Сіз білетін шығарсыз, біз мамам екеуміз ғана тұрамыз ғой... Вот! Сондықтан артық кровать деген бізде болмайды. Не істейік, дяд Сапарға төсекті, әдеттегіше, залдағы диванға салып бердік.

...Сізге қызық айтайын ба, (бірді айтып, бірге кететін баланың әдеті ғой, енді!) ...менің бар ғой, бір ұйықтасам таң атқанша оянбайтын жам-ма-а-ан әдетім бар. Бірақ неге екенін қайдам, сол түні тас қараңғыда оянып кеткенім... Иә, оянып кеттім! Сөйтсем, мамамның басы қатты ауырып жатыр екен.

— Муратик,— дейсің осы сәтте, күмәнданған соң ақы-